


№ 03 хаттама
2019 ж. «08» ақпан күнгі
жалпы жиналасымен
БЕКІТІЛДІ

УТВЕРЖДЕНО
протокол № 03
общим собранием
от «08» февраля 2019 года



**«KazRoboSport-2019» робо-спорты бойынша чемпионат өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

**«ҚазРоботикс» Қазақстан білім беру және спорттық робототехника
федерациясының» қолдауымен**

Қосымшалар:

- 1-қосымша – А Лига санаты бойынша регламент (алғашқы оқу жылы)
- 2-қосымша – Б Лига санаты бойынша регламент (2+ оқу жылы)
- 3-қосымша – С Лига санаты бойынша регламент (2+ оқу жылы)

Толықтырылған және қайта өңделген
Жұмыс тобы-2019:
А. Жекеева
Е. Гончарова
А. Гончаров
Д. Шәкер
К. Варварин

Астана 2019

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Робототехника бойынша «KazRoboSport» чемпионатын (әрі қарай – Чемпионт) өткізудің осы Ережесі Чемпионаттың мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, оның өту регламентін реттейді.

1.2. «ҚазРоботикс» Федерациясының қолдауымен өткізіліп келе жатырған Чемпионат Қазақстанда робототехниканы дамыту бағдарламасының бір бөлігі саналады және жыл сайын өткізіледі.

1.3. Чемпионат кезеңдері:

Іріктеу (аймақтық кезең) наурыз-мамыр айы аралығында облыстарда (аймақтарда) және Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар қалаларында өткізіледі.

Финал (республикалық кезең) Федерацияның даму Тұжырымдамасына және Чемпионатты өткізу Жоспарына сәйкес күз айларында облыс орталықтарының бірінде немесе республикалық маңызы бар қалада өткізіледі.

1.4. Финалға Чемпионаттың іріктеу кезеңдерінде санаттар бойынша бірінші орын алған қатысушылар шақырылады.

1.5. Чемпионаттың ресми сайты: <http://www.kazrobotics.org>

1.6. Чемпионатқа қатыса отырып, қонақтар мен қатысушылар осы чемпионатты өткізу ережелерімен келіседі және оларға ұстануға міндеттенеді.

1.7. Қолданылатын терминдер:

– **Чемпионатты ұйымдастырушы** – «ҚазРоботикс» Қазақстан білім беру және спорттық робототехника федерациясының» Республикалық қоғамдық бірлестігі.

– **Жарыс серіктесі** – Ел немесе республикалық финал бойынша іріктеу іс-шаралары кешенін өткізуде ұйымдастырушылық немесе ақпараттық қолдау көрсеткен Компания.

– **Жарыс демеушісі** – Қаржылық көмек көрсетуші ұйым. Демеушілік пакетіне байланысты ол бас демеуші немесе ресми демеушінің мәртебесін алады. (Демеушілік туралы Ережеден қараңыз).

– **Ұйымдастыру комитеті** – бұл Чемпионатты дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асыратын, өңірлік жұртшылық өкілдерінен ұйымдастырушы басшылығымен құрылған алқалы орган (Ереженің 3 тармағын қараңыз).

– **Құрама команда** – бұл «ҚазРоботикс» Ережелері бойынша чемпионатқа дайындықтан өтіп, білім беру ұйымының өкілдері болып табылатын, оқушылардың, студенттердің, аспиранттардың, топ жетекшілерінің басшылығымен жас мамандардың, оқу орнында, кәсіпорынның немесе өз бетінше (отбасылық немесе аула командалары) клуб немесе аймақ

– бұл білім беру мекемесі, кәсіпорын аясында немесе дербес (отбасылық немесе аула командалары) робототехника сабақтарын жүзеге асыратын және «ҚазРоботикс» ережесі бойынша Чемпионатқа дайындықтан өткен және өзінің білім беру ұйымының, клубының немесе өңірінің атынан шығатын команда жетекшісі бастаған оқушылар, студенттер, аспиранттар, жас қызметкерлер ұжымы.

– **Команда** – өз роботымен чемпионаттың жеке санаттары бойынша қатысатын құрама команданың екі өкілі. Бұл екі қатысушы тек бір роботты және іріктеу чемпионатының бір санаты бойынша ұсынушы команда болып табылады. Команданың өз атауы болуы керек.

– **Оператор** – ағымдағы кезеңде роботпен тікелей әрекеттесетін команда мүшесі.

– **Құрама жетекшісі** – команданы әкімшілік басқаруды жүзеге асыратын, чемпионатты ұйымдастырушылар мен басқа да ұйымдар алдында оның мүдделерін қорғайтын, сондай-ақ команданың барлық қатысушыларының тиісті мінез-құлқына бақылау жасайтын және жауапты болатын уәкілетті тұлға (18 жас және одан жоғары).

– **Ілесуші тұлға** – құрама команданың кәмелетке толмаған жастағыларға тәлімгерлік қызмет атқарушы уәкілетті тұлға (18 жас және одан жоғары). Кәмелетке толмағандардың ата-аналарының/қамқоршыларының сенімхаттарының негізінде ол өзінің құрама қкомандасы мүшелерінің қауіпсіздігіне, денсаулығына және мінез-құлқына жауапты болуы керек. Құрама жетекшісі жетекшінің және ілесуші тұлға қызметтерін біріктіре атқара алады.

– **Команды жаттықтырушысы** – қатысушылардың теориялық және практикалық дайындағын жүргізеді, Чемпионатты ұйымдастыру деңгейінде дайындау үшін оқу-жаттығу жиындарын және басқа да іс-шараларды ұйымдастырады.

– **Төреші** – робототехника бойынша «KazRoboSport» Чемпионаты ережелерін және регламентін сақтауды қамтамасыз етуге Чемпионат Ұйымдастырушысы уәкілеттілік берген тұлға.

– **Төрешілер алқасы** – аталған Чемпионат барысында қызмет көрсетуші барлық төрешілер төрешілер алқасын құрайды.

– **Техникалық сараптама** – жарыс басталар алдында роботтарды тиісті техникалық параметрлермен сәйкестігін бағалау процесі. Оны Техникалық комиссия төрешілер алқасы арасынан уәкілетті тұлғалар жүзеге асырады.

– **Чемпионат санаттары** – өз атауы мен өткізу ережелері бар робот жарыстарының түрі.

– **Регламенті** – жеке санаттағы Чемпионатты өткізуге қойылатын талаптарды сипаттайтын техникалық құжат. Ол келесі тармақтарды:

- Чемпионат санатының атауы.
- Берілген санатта Чемпионатты өткізу шарттары.
- Чемпионат алаңына қойылатын талаптар.
- Роботқа қойылатын талаптар.
- Өткізудің және тапсырмалардың орындалу реті.
- Чемпионаттың әр санаты бойынша қорытынды шығару және төрелік ету ерекшеліктері.

– **Лига** – спорттың ойын түрлерінде Лига – бұл жарыстың бірыңғай құрылымына қатысатын, шеберлік бойынша шамамен тең командалар тобы.

– **А Лигасы.** Аймақтық деңгейде қатысу (облыстық немесе республикалық маңызы бар қалалар). Аймақтық құрамаға іріктеу мен республикалық финалға жолдама алуды көздемейді. Тапсырмалар робототехника үйірмелеріндегі бірінші оқу жылының қатысушыларына арналған.

– **В Лигасы.** Аймақтық жарыстарға қатысу облыстық командаларды іріктеуді және республикалық финалға жолдаманы (бірінші орын алған жағдайда) қамтиды. Орта қиындықтардың тағайындалуы «тосынсый» жасауға мүмкіндік берді. Тапсырмалар робототехника үйірмелерінде екінші және одан да көп жылдар бойы оқитын студенттерге арналған.

– **С Лигасы.** Тапсырмалар робототехника үйірмесінде екінші және одан да көп жылдар бойы оқитын қатысушыларға арналған, «тосынсый» рұқсат етіледі. Аймақтық жарыстарға қатысу облыстық командаларды іріктеуді және республикалық финалға сапарды (бірінші орын алған жағдайда) қамтиды.

– **«ҚазРоботикс» құрамасы** – С Лигасы жеңімпаздарын құрама командаға іріктеу қосымша жаттығу жиындары арқылы ел көлемінде жүргізіледі. «ҚазРоботикс» құрама командасының Халықаралық жарыстарға баруы демеушілік көмек болған жағдайда жүзеге асырылады.

– **Жас ерекшелігі тобы** – қатысушылар келесі жас топтарына бөлінеді:

– **А Лигасы (алғашқы оқу жылында ұсынылады)**, кіші топ – 6-13 жас (туған жылы қоса есептеледі) және ересек топ: 14-18 жас (туған жылы қоса есептеледі).

– **В Лигасы (2 және одан көп оқу жылында ұсынылады)**, кіші топ – 10-15 жас (туған жылы қоса есептеледі) және ересек топ: 16-21 жас (туған жылы қоса есептеледі).

– **С Лигасы (2 және одан көп оқу жылында ұсынылады)**, кіші топ – 10-15 жас (туған жылы қоса есептеледі) және ересек топ: 16-21 жас (туған жылы қоса есептеледі).

– **«Карантин» аймағы** – үстелдерде жарыстарға дайындалған роботтар қойылатын, қол қойылатын және сақталатын арнайы бөлінген және қолжетімділігі шектеулі аймақ. Сол жерде техникалық сараптама жүргізіледі.

– **«Тосынсый»** – санат күрделілігінің техникалық деңгейінде, оған қатысушының өзін-өзі орындауға қабілеттілігін тексеруге бағытталған қосымша тапсырма жатады. Мұндай

тапсырмалар қолданыстағы кедергілерді қайталау, қозғалыс бағытын өзгерту (сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы), нысаналардың позицияларын өзгерту және т.б. болуы мүмкін.

2. ЧЕМПИОНАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Қазақстан Республикасында білім беру және спорттық робототехниканы танымал ету.

2.2. Ғылыми-техникалық шығармашылықты танымал ету және жастар арасында инженерлік мамандықтардың беделін арттыру.

2.3. Балалар мен жасөспірімдерді спорттық пен кәсіби қызметке қажетті дағдыларды дамыту.

2.4. Жастардың өзекті инженерлік-техникалық міндеттерді практикалық шешу және техникамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

2.5. Инновация мен жоғары технологиялар саласына балалар мен жастардың қызығушылығын ынталандыру.

2.6. Дарынды жастарды анықтау, іріктеу және қолдау.

2.7. «KazRoboSport-2019» робототехникасы бойынша Чемпионаттың республикалық кезеңіне қатысу үшін іріктеу турларында мықты спортшыларды анықтау және облыстың (аймақтың, республикалық маңызы бар қалалардың) құрама командаларын қалыптастыру.

2.8. Елдің робо-спорт резервін қалыптастыру және дамыту.

3. ЧЕМПИОНАТТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

3.1. Чемпионатты ұйымдастыруды және басқаруды Чемпионаттың ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. (Әрі қарай – Ұйымдастыру комитеті).

3.2. Ұйымдастыру комитеті «ҚазРоботикс» Федерациясымен құрылады.

3.3. Ұйымдастыру комитетіне мыналар кіруі мүмкін:

- «ҚазРоботикс» Федерациясының өкілдері;
- аймақтық мемлекеттік билік органдарының өкілдері;
- робототехника, автоматтандыру және мехатроника саласы мамандары;
- экономиканың жоғары технологиялық салалары кәсіпорындарының өкілдері;
- демеуші компаниялардың немесе серіктестердің өкілдері;
- Жарысты ұйымдастыру мамандары.

3.4. Ұйымдастыру комитеті келесі міндеттерді атқарады:

- Чемпионаттың өткізілу тәртібін бекітеді;
- Төрешілер алқасын бекітеді (Ереженің 5-тармағын қараңыз);
- Арнайы аталымдарды бекітеді;
- Чемпионатты өткізудің күнтізбелік жоспарын (бағдарламасын) бекітеді;
- чемпионатқа қосымша командалардың қатысуы туралы арнайы шешім қабылдай;
- осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шешімдер қабылдайды.

3.5. Команда басшылары чемпионатты өткізу орнына, чемпионатты өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайту жолында балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты болады.

3.6. Чемпионаттарға қатысуға байланысты барлық шығындарды демеуші ұйымдар көтереді.

4. ЧЕМПИОНАТ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

4.1. «KazRoboSport» чемпионаты – командалық шара.

4.2. Чемпионатқа робототехниканы меңгеру үшін кез келген робототехникалық платформаны пайдаланатын оқу орындарының, үйірмелердің, клубтардың және жеке тұлғалардың командалары қатысады (әртүрлі бөлшектерден біріктірілген жиынтықтар, сондай-ақ қолдан жасалған роботтар рұқсат етіледі). Бір команда мүшелерінің ерекше киім

үлгілері (оқу орнының логотипі немесе команда атауы бар жейде) немесе өзге элемент (галстук, таңба немесе таңғыш белгі) болуы тиіс.

4.3. «KazRoboSport» Чемпионатының іріктеу кезеңдеріне қатысатын аймақтағы командалардың саны шектеусіз.

4.4. Команда құрамына екі спортшы және бір робот кіреді. Бұл екі қатысушы тек бір роботты және чемпионаттың бір санатында ғана пайдалануға құқылы. Команданың өз атауы болуы керек.

4.5. «KazRoboSport» қатысушыларының жас деңгейі –

– **А Лигасы (алғашқы оқу жылында ұсынылады), кіші топ** – 6-13 жас (туған жылын есептеледі) және **ересектер тобы**: 14-18 жас (туған жылын есептеледі).

– **В Лигасы (2 және одан көп оқу жылында ұсынылады), кіші топ** – 10-15 жас (туған жылы қоса есептеледі) және ересек топ: 16-21 жас (туған жылы қоса есептеледі).

– **С Лигасы (2 және одан көп оқу жылында ұсынылады), кіші топ** – 10-15 жас (туған жылы қоса есептеледі) және ересек топ: 16-21 жас (туған жылы қоса есептеледі).

4.6. Құрамында кәмелетке толмаған балалар бар командаларда болуы тиіс (қоса атқаруға болады):

- Команда жетекшісі.
- Команда жаттықтырушысы.
- Еріп жүретін тұлға.

4.7. Чемпионатқа қатысушылардың барлығы міндетті түрде жеке басын және жасын куәландыратын құжаттары болуы тиіс (ҚР заңдарына сәйкес).

5. ЖАРЫСТЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

5.1. Чемпионаттың барлық кезеңдері бекітілген Ережелерде көрсетілген талаптарға сәйкес өткізіледі. Ережелер Чемпионаттың ресми сайтында жарияланады.

5.2. «KazRoboSport-2019» чемпионатында әртүрлі құрылымдық платформалардың негізінде жиналған Роботтар бірге жарысады; платформалар бойынша бөлу қолданылмайды.

5.3. Чемпионаттың әртүрлі санаттарындағы жарыстар бір мезгілде өткізілуі мүмкін. Бір команда робо-спорт бойынша іріктеу жарыстарының бір санатына ғана қатыса алады.

5.4. Жарыс санаттары үш (А, В, С) Лигаға бөлінеді.

5.4.1. А Лигасы санаты бойынша жарыстар – 2018 жылдан бері тек аймақ көлемінде өткізіліп келеді (сызық бойынша жарыс, робосумо 25*25, кегельринг-квадро).

5.4.2. В және С Лигаларының санаттары бойынша жарыстар екі кезеңде өткізіледі – аймақтық және республикалық (кіші робосумо, қадамдайтын роботтар сумосы, биатлон, эстафета және лабиринт).

5.4.3. Егер В немесе С Лигаларының іріктеу чемпионатының қандай да бір санатына тек үш команда ғана қатысса, бірінші орын берілмейді, командалар екінші және үшінші орындарды сарапқа салады. Аймақтық құраманың құрамына бұл санат енгізілмейді. Бір команданың өтінімі кезінде санат бойынша жарыстар өткізілмейді.

5.5. Регламенттегі кез келген өзгерістер жарыс басталғанға дейін екі апта бұрын қатысушылардың назарына жеткізіледі.

5.6. Роботтарды жөндеу және баптау үшін жарыстарды өткізу күні әрбір команда үстелмен және 220 В электр розеткасымен қамтамасыз етіледі. («Робототехника бойынша жарыстарды өткізуге арналған залды жабдықтауға ұсыныстар» қараңыз).

5.7. Әрбір робот үшін команда барлық қажетті материалдарды әкелуі және дайындауы керек (ұйымдастыру комитеті өткізу орнында бермейді):

- Роботтар, оның ішінде зарядтағыш құрылғылар үшін қажетті бөлшектер мен компоненттер жиынтығы;
- орнатылған бағдарламалық қамтамасыз ету және орнату дискілері бар ноутбук (ноутбук) (операциялық жүйені немесе бағдарламалық өнімдерді жедел қалпына келтіру жағдайында);
- Қосалқы батареялар немесе зарядталған аккумуляторлар (роботты жөндеу кезінде аккумулятор тұтынылып, жарыстардың өзі үшін жеткіліксіз болуы мүмкін) және т.б.

5.8. Жарыс аймағында тіркелген қатысушыларды орналастырғаннан кейін әрбір санаттағы төрешілер оларға жарыстарды өткізу тәртібі мен ережелерін және техникалық регламенттерді еске түсіруі тиіс. Барлық қатысушылар регламенттерді түсінуді және жарыс шарттарымен келісуді *жөндей бастағанға дейін* растауы тиіс. Роботты техникалық инспекция үстеліне тапсыру қатысушылардың жарыс шарттарымен келісетінін растайды. Карантинге тапсырылғаннан кейін жарыс жағдайларына наразылықтар команданы дисквалификациялауға әкеледі.

5.9. «Тосынсый» – қатысушының оны жаттықтырушының қатысуынсыз өз бетінше орындау қабілетін тексеруге бағытталған санат күрделілігінің техникалық деңгейі аясындағы қосымша тапсырма. «Тосынсый» жеребе арқылы анықталады және роботтарды құрастыру мен ретке келтіру басталғанға дейін жарыс регламенттері мен оқылғаннан кейін жарияланады.

5.10. Жөндеу уақыты аяқталғаннан кейін командалар өз роботтарын «карантин» аймағына орналастырады. Техникалық комиссия төрешісінің барлық қатысушылардың роботтары техникалық сараптамадан өткендігі және талаптарға сәйкес келетіні туралы расталғаннан кейін жарыстар Ережеге сәйкес басталады (Регламентті қараңыз).

5.11. Жарыс кезінде роботтардың құрылымы өзгеріссіз қалуы тиіс. Карантинге тапсырылған роботтарды техникалық комиссияның төрешілері суретке түсіруі тиіс. Кезеңдер арасында қатысушылар зақымдалған роботты жөндеуге, қоректендіру элементтерін ауыстыруға, бағдарламаға өзгерістер енгізуге құқылы. Жедел жөндеу уақыты – 10 минут. Уақыт техникалық комиссия төрешісімен бақыланады. Роботты карантинге қайтарғаннан кейін роботтың құрылымын фото бекіту қайтадан жүргізіледі.

5.12. Жарыс аймағында болуға тек команда қатысушыларына, ұйымдастыру комитетінің мүшелеріне және төрешілерге ғана рұқсат етіледі. Жаттықтырушылар, еріп жүретін тұлғалар және команда жетекшілері жарыс аймағына жіберілмейді.

5.13. Команда қатысушыларына ұйымдастыру комитеті мүшесінің рұқсатынсыз жарыс аймағынан кетуге тыйым салынады.

5.14. Чемпионатты өткізу кезінде жарыс аймағынан тыс (шектеу сызығынан тыс) барлық қатысушыларға, оның ішінде қатысушылармен қарым-қатынас жасауға тыйым салынады. Жарыс аймағының шекарасы арқылы қарым-қатынас командадан шеттетілуі мүмкін.

5.15. Егер жарыс кезінде өз командасының роботтарын басқару немесе қарсыластар роботтарына кедергі жасау үшін кез келген қашықтан басқару құрылғыларын зұлымдық пайдалану анықталса, онда, анықталған команда жарыстан шеттетіледі және алынып тасталады.

5.16. Ұйымдастыру комитеті, төрешілер, жарысқа қатысушылар және олармен еріп жүретін тұлғалар жасына, жынысына, ұлтына, діни қатыстылығына және дене ерекшеліктеріне қарамастан бір-біріне төзімділік пен құрмет көрсетуге міндетті.

6. «KazRoboSport-2019» ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

6.1. Іріктеу кезеңі:

6.1.1. **Аймақтардағы іріктеу кезеңі наурыз айынан мамыр айына дейін (қоса алғанда) жарыс күнтізбесіне сәйкес өткізу жоспарланған.**

6.1.2. Жарысқа қатысуға өтінім (регистрация) Федерацияның сайтында жүргізіледі. Қатысушылар жөніндегі деректерді олардың жаттықтырушысы енгізеді, ол дербес деректердің дұрыс толтырылуына жауапты болады (осы Ереженің 8-бөлімін қараңыз).

6.1.3. Аймақтық іріктеу жарыстарын бір күнде өткізу ұсынылады, бірақ ұйымдастыру комитетінің келісілген шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

6.1.4. Чемпионаттың аймақтық іріктеу кезеңінде аудан орталықтарынан жол жүруді, қатысушылардың тамақтануын және тұруын ұйымдастыруды (қажеттілігіне қарай) іс-шараның демеушілері мен серіктестері немесе қатысушылардың өздері алады.

6.1.5. Аймақтық іріктеу чемпионатын өткізу мерзімі мен орнын, оның регламенттері мен ережелерін ұйымдастырушылар белгілейді және оны өткізгенге дейін бір айдан кешіктірмей сайтта жарияланады.

6.1.6. Іріктеу жарыстары аясында серіктес-компаниялар мен демеушілерге өз қызметін жарыс өткізу алаңында көрме материалы түрінде таныстыру немесе балалар жарыстарға қатысатын педагогтар үшін шеберлік-класс өткізу мүмкіндігі ұсынылады. Бағдарлама ұйымдастыру комитетімен келісіледі.

6.2. Республикалық Финал («ҚазРоботикс-2019» Фестивалі):

6.2.1. Робо-спорт бойынша финалдық жарыстар Федерацияның ең ірі іс-шаралары болып табылады және өту орны елде жыл сайынғы фестиваль форматында өткізіледі.

6.2.2. «ҚазРоботикс-2019» фестивалін күзгі каникул кезінде Шымкент қаласында өткізу жоспарланады.

6.2.3. Құрама команда Федерацияның аймақтағы уәкілетті өкілінің басшылығымен және бір жаттықтырушының ілесіп жүруімен, ата-анасынан еріп жүруге сенімхат жазып беріледі, шақырушы тараптың есебінен республикалық Финал өтетін жерге ұйымдасқан түрде барады.

6.2.4. Егер бірінші орын алған команда (қандай да бір себептермен) финалға қатыса алмаса, Ұйымдастыру комитетіне федерация президентінің атына кәмелетке толмағандардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының немесе кәмелетке толған қатысушылардың өздерінің қолы қойылған бас тарту-ресми хат (Республикалық Финал басталғанға дейін 1 айдан кешіктірмей) беріледі. Мұндай жағдайда Ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша аймақтың құрама командасының құрамында жарыстың осы санаты бойынша іріктеу кезеңінде екінші орын алған командаға ауыстыруға болады.

6.2.5. Егер қатысушылар жарыс басталғанға дейін 1 күнтізбелік айдан кем уақытта финалға келуден бас тартса, команда ауыстырылмайды және құрама команда санаты бойынша командасыз келеді. Бұл республикалық ауқымдағы іс-шараларға дайындықтың күрделі логистикасымен байланысты. Финалға шыққан кезде команда мүшелерін ұйымдастыру комитетімен келіспеген жағдайда, команда мүшелерінің екеуі де жарыстан алынады.

6.2.6. Бас тарту себептері дәлелсіз болған жағдайда билеттерді (т/ж, әуе) қайтарғаны үшін айыппұлды тасымалдаушы компаниялардың ережелеріне сәйкес қатысушылар төлейді.

6.2.7. Финалдық жарыстар 3 күннен аспайды, ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша ұсынылған кесте қысқартылуы мүмкін:

- Бірінші күн – Чемпионат кезеңіне келген қатысушыларды тіркеу, роботтарды жарыстарға дайындау, роботтарды тестілеу. Техникалық күн.

- Екінші күн – барлық санаттар бойынша жарыстар.

- Үшінші күн – жарыстың соңғы кезеңдерін өткізу. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі. Арнайы аталымдар мен сыйлықтарды тапсыру.

6.2.8. Аймақтық құрама командалары мүшелерінің жол жүруін, тамақтануын және тұруын ұйымдастыруды «Қазроботикс» федерациясы фестиваль серіктестері мен демеушілерінің көмегімен өз мойнына алады

6.2.9. Фестиваль аясында жабдықтаушылардың көрмесі, педагогтар үшін шеберлік кластар және серіктестермен және жеткізушілермен келісімшарттар жасау үшін «іскерлік алаң» өткізілуі мүмкін. Серіктестер мен жеткізушілердің қатысуы фестивальға дейін 1 айдан кешіктірілмей қарастырылады.

6.2.10. Ұйымдастырушылар фестиваль бағдарламасына кез келген өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, бұл туралы қатысушыларға хабарлай отырып, егер бұл өзгерістер қандай да бір командаларға артықшылық бермеуі керек.

7. ТӨРЕШІЛІК ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

7.1. Жарыстың қорытындысын бақылау мен шығаруды бекітілген регламенттерге және берілген ережелерге сәйкес Бас төрешінің басшылығымен төрешілер алқасы жүзеге асырады.

7.2. Төрешілер алқасы Ұйымдастыру комитетімен тағайындалады.

7.3. Төрешілер алқасына міндеттерді бөлу ұсынылды (біріктіруге болады):

Бас төреші	Жарысты ұйымдастыруға және төрешілікке басшылық ету. Жарыстарды өткізуді жедел басқару. Іс-шара бағдарламасын сақталуын қамтамасыз ету. Ережелермен реттелмейтін және даулы мәселелерді шешу. Командаларды доғару туралы шешім қабылдау. Жарыс қорытындысы туралы есеп дайындауға басшылық жасау.
Жарыстың бас хатшысы	Спорттық жарысқа келген қатысушыларды тіркеу және барлық қатысушылардың болуын тексеру. Қатысушының келмеуі немесе тіркеу деректерінің сәйкес еместігі туралы төрешілер алқасына хабарлау. Спорттық жарыстарға қатысушыларды спорттық жарыстар шеңберінде ұйымдастырылған рәсімдерді, спорттық жарыстар мен өзге де іс-шараларды өткізу орны мен уақыты туралы, сондай-ақ бас төрешілер алқасының шешімдері туралы хабардар ету. Санаттар бойынша жарыстардың жеке хаттамаларын бірыңғай турнирлік кестеге мәлімет беру, өткізу нәтижелері туралы аралық және қорытынды есепті дайындау.
Техникалық инспекция төрешісі	Жарыстардың техникалық регламенттеріне сәйкестігі тұрғысынан карантинге тапсырылатын роботтардың техникалық инспекциясын жүзеге асыру. Сәйкестікті растау және қатысуға рұқсат беру. Жарыс барысында роботтардың техникалық пайдаланылуын бақылау, техникалық қызмет көрсету туралы шешім қабылдау, техникалық ақаулық салдарынан әрекет етуді тоқтату, техникалық үзілістен және техникалық қызмет көрсетуден кейінгі бақылау өлшеулері. Даулы мәселелерді шешу үшін фото және бейне карантиндік үстелдер мен жарыстарды бекіту.
Төреші-Арбитр	Жарыстың жеке санаты бойынша төрешілік. Бастапқы хаттама болмаған жағдайда жеребе тастау жүргізу. Жарыс ережелері мен регламенттерінің сақталуын бақылау. Спорттық жарыстарға қатысушылармен олардың іс-қимылдарын ұйымдастыру және үйлестіру үшін өзара іс-қимыл жасау.
Уақыт өлшеуші	Техникалық әрекеттерді бекіту және қатысушылардың орындау нәтижелерін анықтау.
Төреші-хатшы	Жарысты өткізуді құжаттамалық рәсімдеу. Инспекцияланған роботтарды құжаттық рәсімдеуде техникалық инспекция төрешісіне көмек көрсету. Инспекция хаттамаларын жүргізу, санаттар бойынша жарыстарға техникалық қызмет көрсету. Жарысқа қатысушылардан өтініштер мен өтініштерді жинау және жарыстың бас төрешісіне беру. Ұйымдастыру мәселелері бойынша қатысушыларға кеңес беру.
Төрешінің техникалық көмекшісі	Жарыс қатысушысының, бас төрешілер алқасы мүшесінің немесе басқа адамның өміріне, денсаулығына қауіп төнгені туралы Ұйымдастыру комитетін жедел хабардар ету. Мүкәммалдың, өлшеу аспаптары мен өзге де жабдықтардың жинақтылығы мен физикалық сипаттамаларын бақылау. Анықталған жетіспеушілік немесе ақаулық фактілері туралы хабардар ету. Жарыс аймағына кіруді бақылау. Іс-шараны техникалық сүйемелдеу.

7.4. Аймақтық іріктеу жарыстарының Бас төрешісі Қазақстанның басқа аймақтарынан «Қазроботикс» федерациясының мүшелері қатарынан ұсынылады.

7.5. Төрешілер алқасының мүшелері үлестес тұлғалар, яғни жарыс нәтижелеріне тікелей мүдделі тұлғалар қатарынан тағайындала алмайды.

7.6. Төрешілер міндетті түрде чемпионатты ұйымдастырушының басшылығымен алдын ала оқытудан өтеді және оған төрешілік етуге рұқсат алады.

7.7. Чемпионаттың әрбір санаты бойынша жарыс үшін жеке-жеке үш адамнан тұратын төрешілер бригадасы ұсынылады (Федерация арнайы дайындаған кемінде бір төреші-арбитр және уақытты межелеуді жүргізу, нәтижелерді жазу және төрешіге техникалық көмек көрсету үшін еріктілер қатарынан екі көмекші).

7.8. Чемпионат аяқталғаннан кейін әрбір төрешіге «ҚазРоботикс» Федерациясынан оның төрешілік тәжірибесі, сондай-ақ робототехника бойынша осы жарыстың (қалалық,

облыстық, республикалық) деңгейін растайтын сертификат беріледі. Сертификаттардың нөмірлері бар және Федерацияның деректер базасында сақталады.

7.9. Төреші барынша өз міндеттерін дұрыс, адал орындауы, барлық қатысушыларға бірдей бейтарап қарауы тиіс.

7.10. Төрешілер барлық жарыстар бойынша барлық өкілеттіктерге ие. Барлық қатысушылар олардың шешімдеріне бағынуы тиіс.

7.11. Кез келген төреші, егер роботтың Чемпионат регламенттеріне сәйкестігі жөнінде күмән туындаса, кез келген команда робот үшін қосымша біліктілік тексеру (өлшеу, өлшеу және т.б.) тағайындай алады. Даулы сәттердің пайда болу мүмкіндігін болдырмау үшін техникалық комиссияның төрешілері мен еріктілеріне карантиндік үстелдерді сапалы қорғауды қамтамасыз ету, роботтардың конструкциясын карантинге бірінші тапсырылған сәттен бастап Жедел түзетулерден кейін қайтумен салыстыру мүмкіндігі үшін фото және бейне-тіркеу ұсынылады.

7.12. Жарысты қайта ойнату немесе тоқтата тұру регламенттерге сәйкес төрешілердің шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

7.13 Егер төрешілікке қатысты қандай да бір қарсылық пайда болса, команда жазбаша түрде (іріктеу жарыстарының бас төрешісінің атына немесе финал кезінде федерация президентінің атына) төрешілердің шешіміне ағымдағы тур аяқталғаннан кейін 10 минуттан кешіктірмей, тек команда басшысы арқылы шағымдануға құқылы. Жарыс тоқтатылып, фото және бейне-фиксациясын қайта қарау, категориялар бойынша төрешілерден сұрау және мән-жайларды анықтау үшін өзге де әрекеттер жүргізіледі. Егер шағымда сипатталған бұзушылықтар расталмаса, команда айыппұл салынады. 2019 жылға айыппұл көлемі – 2 АЕК. Айыппұлды расталмаған шағым берген команда басшысы төлейді. Егер бұзушылықтар орын алса, Ұйымдастыру комитеті жұмыс тәртібі бойынша шешім қабылдайды (келуді немесе раундты қайта санау, ұпайларды қайта санау және т.б.).

7.14. Ұйымдастыру комитеті Тәуелсіз бақылаушыларды тартуға, сондай-ақ жарыстың даулы сәттерінде әділ шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ғимаратты қорғау қызметінің бейнежазбаларын пайдалануға құқылы.

7.15. Чемпионатқа қатысушылардың әдепсіз немесе спорттан тыс мінез-құлқы, төрешілердің талаптарын орындаудан бас тарту өрескел бұзушылық ретінде қаралады және жарыстан шеттетуге арқылы жазаланады.

7.17. Қатысушылардың төрешілер алқасымен байланысы жарыстың барлық уақыты бойы барынша азайтылуы және мүмкіндігінше заңсыз жағдайларды болдырмау үшін регламенттелген өзара әрекеттестікпен шектелуі тиіс.

8. ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ, ЧЕМПИОНАТТЫҢ АЙМАҚТЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

8.1 Жарысқа қатысуға өтінім федерацияның сайтында жүргізіледі. Қатысушылар бойынша деректерді олардың жаттықтырушысы енгізеді, ол дербес деректердің дұрыс толтырылуына жауапты. Аймақтардағы ұйымдастыру комитеттеріне қатысуға өтінімдер қабылдауды іріктеу кезеңі басталғанға дейін 2 апта бұрын аяқтау ұсынылады.

8.2. Өтінімде келесі ақпараттарды ұсыну қажет:

1. Мекеме туралы деректер

а) елді мекеннің атауы.

б) Мекеменің толық атауы (клуб, үйірме, білім беру мекемесі және т.б.)

2. Команда деректері:

- Команда атауы;

- Жас ерекшелігі бойынша тобы;

- Жарыс санаты;

- Роботтың құрылымдық платформасы.

3. Әр қатысушының деректері:

- Аты-жөні толық;

- Туған жылы;

- Толық жасы;
- ЖСН;
- Құжат түрі және нөмірі;
- Класс (топ), мамандығы;
- Жейде өлшемі.

4. Команданың (эрқайсысының) жетекшілерінің, жаттықтырушыларының және бірге жүруші тұлғалардың деректері:

- Аты-жөні толық;
- ЖСН;
- Туған жылы;
- Құжат түрі және нөмірі;
- Whatsarr-ты телефон нөмірі,
- Электронды поштасы.

8.3 Тегін, атын және әкесінің атын жазу жеке басты куәландыратын құжаттарда жазылуға сәйкес келуі тиіс және сертификаттар мен дипломдарды толтыруға автоматты түрде ауыстырылады. Қатысушылар мен жаттықтырушылардың ЖСН құрылатын сертификаттардың деректер қоры үшін көрсетіледі (болашақта Федерация 2015 жылдан бастап берген сертификатты немесе дипломды ЖОО-ның немесе жұмыс берушінің қабылдау комиссиясының сұрауы бойынша растауға немесе жоғалған сертификаттың телнұсқасын басып шығаруға болады).

8.4. Команда қатысушыларын ауыстыруға (мысалы, ауырған жағдайда) чемпионаттың іріктеу кезеңі басталған күнге дейін 5 жұмыс күнінен аспайтын уақытта рұқсат етіледі. Жарыстарда өтінім берген тұлға болмаған жағдайда қатысу сертификаты берілмейді. Ауыстыру келісілмеген жағдайда команданың екі мүшесі жарыстан шығарылады.

8.3. Қатысушылардың, конструкторлық платформаның және жас ерекшелік тобының құжаттарын онлайн-өтінімдегі мәліметтермен тіркеу және салыстыру жарыстың әр күні танертең жүргізіледі. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда Ұйымдастыру комитеті сол жерде шешім қабылдайды (жағдайға байланысты. Басқа жас тобына ауыстырудан шеттетуге және жарыстан шеттетуге дейін). Мәліметтерді салыстырудан өтпеген немесе онлайн-өтінім бермеген қатысушылар жарыс аймағына жіберілмейді.

8.4. Жарыс күні тіркелу кезінде іріктеу чемпионатына қатысушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

- Қатысушылар ұсынған мекеме әкімшілігі куәландырған қатысушылардың, басшылар мен еріп жүретін адамдардың тізімі бар басып шығарылған құжат;
- әрбір қатысушының төлқұжаты немесе туу туралы куәлігі (құжаттың түпнұсқасы және оның көшірмесі);
- денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;
- басқа қалалардан келген кәмелетке толмағандар үшін тұрғылықты жерінен шығуға және еріп жүретін тұлғаның атына баланың мүддесін білдіру құқығына нотариалды куәландырылған рұқсаттың болуы қажет.

8.5. Қатысушыларды тіркеу старт басталар алдында 1 сағат бұрын аяқталады.

8.6. В Лигасында жасы кіші топқа сәйкес келетін командаларды «Адымайтын сумо» санатына тіркеуге рұқсат етіледі. Бірақ ересек топта «кіші-сумоны» тіркеуге тыйым салынады.

8.7. В Лигасына қатысушының жас тобы республикалық финал өтетін күнге (шамамен 2019 жылғы 20 қазан) толық жылдармен анықталады. Яғни, егер қазан айында 16-ға толса, ол көктемде іріктеу кезеңі үшін бірден жоғарғы жас тобына тіркеледі.

9. НӘТИЖЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

9.1 Чемпионаттың іріктеу және республикалық кезеңдерінің жеңімпаздары тиісті Регламентте көрсетілгендей, жарыстардың әрбір санаты бойынша анықталады («А, В, С Лигасы Регламенттері» Ережелерін қараңыз).

9.2. Іріктеу кезеңін марапаттау:

9.2.1. Жарыстың барлық қатысушылары «ҚазРоботикс» Федерациясынан қатысу сертификаттарын, жарыс категориялары бойынша жеңімпаздар – дипломдар алады. Жеңімпаздарды дайындаған педагогтар – алғыс хаттар, қалғандары – қатысушы сертификаты. Төрешілер – жарыс санатын көрсете отырып, төрешілік тәжірибесін растайтын сертификат.

9.2.2. Аймақтық іріктеу кезеңдерінде жүлделер қарастырылмаған және белгілі бір аталымдар бойынша жүлделерді ұсынатын серіктес немесе демеуші болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

9.2.3. Жеңіс үшін негізгі жүлде Финалға жолдама болып табылады. I дәрежелі диплом иегерлері (B лигасы және C лигасы) республикалық финалға қатысуға шақыру алады және аймақтың құрама командасын қалыптастырады.

9.2.4. Өңірлердің құрама командалары мүшелерінің жол жүруін, тамақтануын және тұруын ұйымдастыруды «Қазроботикс» федерациясы фестивальдің серіктестері мен демеушілерінің көмегімен өз мойнына алады.

9.3. Финалдық марапаттау:

9.3.1. Жарыстың барлық қатысушылары «ҚазРоботикс» Федерациясынан фестиваль логотипі бар жеңімпаздар, қатысу сертификаттары, ал жарыс категориялары бойынша жеңімпаздар – Федерация дипломдары мен демеушілерден сыйлықтар алады. Жеңімпаздарды дайындаған педагогтар – алғыс хаттар, қалғандары – қатысушы сертификаты. Төрешілер – жарыс санатын көрсете отырып, төрешілік тәжірибесін растайтын сертификат.

9.3.2. Фестиваль серіктестері өз аталымын тағайындауға және компания атынан марапатты (ақшалай немесе заттай сыйлық, сыйлық сертификаты, жеңімпаз үшін оқу гранты, тағылымдамаға шақыру және т.б.) тапсыруға құқылы.

9.3.3. Аймақтық құрама команданың командалық есебіне жарыстың барлық санаттары бойынша оның үздік нәтижелері кіреді. Егер құрама командалардың бірдей ұпай саны болса, онда ең жақсы нәтижелер (алтын медальдар) басты назарға алынады.

9.3.4. Командалық есепте I, II, III орын алған құрама командалар командалық кубоктармен марапатталады.

9.6. Республикалық финалдың қорытындысы (санаттар мен аймақтар бойынша бөле отырып) іс-шара аяқталғаннан кейін екі аптадан кешіктірілмей федерацияның ресми сайтында жарияланады.

9.7. Ұйымдастыру комитеті Чемпионат барысында қосымша жүлделер мен сыйлықтарды енгізе алады және іс-шара басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын ресми сайтта өзгерістер туралы хабарлай отырып, қолда бар жүлделерді өзгерте алады.

10. ҚОСЫМША ШАРТТАР

10.1. Барлық қатысушылар чемпионатты өткізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша құжаттар мен ақпаратты ұйымдастырушылардың және қауіпсіздік қызметінің уәкілетті қызметкерлерінің талабы бойынша ұсынуға тиіс.

10.2. Қатысушылар мен командалардың белгілі бір нысанда пайдаланатын жарнамалық сипаттағы мазмұны болған жағдайда, қатысушылар оны ұйымдастыру комитетінің өкілімен іс-шара басталғанға дейін кемінде бір апта бұрын алдын ала келісуі тиіс. Командалар демеушілерінің жарнамасын мазмұны және орналастыру да чемпионат басталғанға дейін ұйымдастырушылармен келісілуі тиіс.

10.3. Барлық роботтар мен құрылғылар қоршаған адамдарға, басқа роботтар мен құрылғыларға немесе жарыстарға арналған алаңдарға ешқандай зиян келтірмейтіндей етіп жасалуы тиіс.

10.4. Чемпионатты өткізу кезінде қатысушылар ұйымдастырушылар берген кеудеге орналастырылған ақпараттық бейджермен болуы тиіс. Бір мекемеден команда қатысушылары бірыңғай киім үлгісін, киім нысанын немесе элементтерін пайдалануы тиіс.

10.5. «ҚазРоботикс-2019 жарысына қатыса отырып, қонақтар мен қатысушылар (немесе жауапты тұлғалар) іс-шараларда қонақтар мен қатысушылардың (немесе жауапты тұлғалардың) тікелей рұқсатынсыз фото және бейне түсірілімдер өткізілетіндігімен келіседі. Сондай-ақ, қатысушылар (немесе жауапты тұлғалар) чемпионатқа қатыса отырып, оның

нәтижелері робототехниканы танымал ету және «ҚазРоботикс» білім беру және спорттық робототехника Федерациясының даму бағдарламаларын іске асыру мақсатында пайдаланылатынына келіседі.

10.6. Жарыстарды өткізу аймағында ұялы телефондарды, соның ішінде аккредитацияланбаған БАҚ-тарды, қатысушылар мен қонақтардың фото және бейне түсірілімдерін пайдалану шектеледі (роботтардың мінез-құлқына әсер ететін кедергілерді қысқарту үшін).

11. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ҚҰҚЫҒЫН САҚТАЙДЫ:

11.1. Чемпионатты өткізу шарттарын оның кезеңі басталғанға дейін 2 (екі) аптадан кешіктірмей ресми сайтта өзгерістер туралы хабарлай отырып, түзетуге құқылы.

11.2. Чемпионат бағдарламасына чемпионаттың ресми сайтындағы өзгерістер туралы ол басталғанға дейін кемінде 2 (екі) апта бұрын хабарлай отырып, қосымша іс-шаралар енгізуге міндетті.

11.3. Ресми сайтта өзгерістер туралы іріктеу кезеңі басталғанға дейін кемінде 2 (екі) апта бұрын және финалдық кезеңге дейін кемінде бір ай бұрын хабарлай отырып, чемпионатты өткізу мерзімін өзгертуге міндетті.

11.4. Қосымша аталымдарды, атақтар мен жүлделерді құруға, сондай-ақ ұйымдастырушылардан, демеушілерден және басқа да мүдделі ұйымдар мен тұлғалардан арнайы жүлделерді тапсыруға жол беріледі.

11.5. Чемпионатты өткізу шарттарын бұзғаны үшін қатысушылар мен командаларды шеттету.

11.6. Жекелеген төрешілердің немесе төрешілер алқасының өз өкілеттігін теріс пайдалануы анықталған санаттағы жарыстардың нәтижелерін жою.

11.7. Ұйымдастыру комитеті қатысушыға немесе басқа біреуге шешімнің себебін түсіндірмеуге құқылы.

11.8. Қатысушылар, еріп жүретін тұлғалар құрама команда жетекшісі арқылы ұйымдастыру комитетімен өзара іс-қимыл жасауы тиіс.

11.9. Республикалық кезеңнің ұйымдастыру сәттері Федерацияның уәкілетті аймақтық өкілдері арқылы шешіледі.

12. ЧЕМПИОНАТҚА КЕЛУШІЛЕР МЕН ҚАТЫСУШЫЛАР МІНДЕТТІ:

12.1. Жарыстарды өткізу орнында тазалық пен тәртіпті сақтауға;

12.2. Қауіпсіздік техникасын өз бетінше сақтауға;

12.3. Қоғамдық тәртіпті және жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын қатаң сақтауға;

12.4. Іс-шара өткізілетін аумаққа кіру кезінде қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерінде бақылаудан (тексеруден) өтуге.

12.5. Құрылыстарға, жабдықтарға ұқыпты қарауға;

12.6. Әкімшіліктің, полицияның және тәртіпті, өрт қауіпсіздігін сақтауға жауапты өзге де адамдардың заңды ескертулері мен талаптарына бағынуға;

12.7. Көпшілік іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға жауапты лауазымды тұлғаларға, қызмет көрсетуші персоналға, көпшілік іс-шараларға қатысушыларға құрметпен қарауға;

12.8. Айналасындағыларға қауіп төндіретін және экстремалды жағдай туғызуға қабілетті іс-әрекеттерге жол бермеуге;

12.9. Жас балаларды қараусыз қалдырмауға;

12.10. Іс-шаралар аяқталғаннан кейін үй-жайлар мен ғимараттарда ұйымдастырылған шығуды жүзеге асыруға;

12.11. Арнайы бөлінген орындарда автокөлік қоюға;

12.12. Қонақтар мен қатысушылардың денсаулығы мен өмір сүру қауіпсіздігі тәуекеліне ұшырайтын кез келген жағдайлар туындаған кезде іс-шара ұйымдастырушыларын дереу хабардар ету қажет.

12.13. Эвакуация туралы ақпарат алған кезде әкімшілік және құқық қорғау органдарының құқық тәртібін қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерінің нұсқауларына сәйкес тыныштықты сақтай отырып және үрей туғызбай әрекет ету.

13. ЧЕМПИОНАТҚА КЕЛУШІЛЕР МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

13.1. Егер бұл ағымдағы жарыстар регламентімен тікелей рұқсат етілмесе, кез келген түрде жеке WI-FI желілерін құру. Осы Ережені бұзушылар жарыстан шеттетілуі және жарыс аумағынан шығарылуы мүмкін.

13.2. Атыс және суық қаруды, отқа қауіпті, жарылғыш, улы, иісті, есірткі заттарын, алкогольді ішімдіктерді, сондай-ақ шыны ыдыстағы сусындарды алып жүруге;

13.3. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде баспалдақтарда немесе люктерде болуға, аренаға шығуға, сондай-ақ бұқаралық іс-шараларға қатысушылардың жүріп-тұруына кедергі жасауға;

13.4. Спирттік ішімдіктерді ішу, мас күйінде бұқаралық іс-шараға келуге;

13.5. Жарыстар өтетін орындардағы барлық ішкі бөлмелерде шылым шегуге;

13.6. Адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық адамгершілігін қорлайтын айыптауларға немесе өзге де әрекеттерге жол беруге;

13.7. Аренаға, сахнаға және мінбеге қандай да бір тәсілмен залал келтіруі мүмкін кез келген заттарды лақтыруға, сондай-ақ іс-шараны өткізу кезінде өту жолдарында, баспалдақтарда немесе люктерде болуға;

13.8. Қоршауларға, парапеттерге, жарықтандыру құрылғыларына, теледидар түсірілімдеріне арналған алаңдарға, ағаштарға, дінгектерге, шатырларға және көтергіш құрылғыларға кіруге, нысан әкімшілігінің рұқсатынсыз аренада, сахнада, төрешілер бөлмелерінде және басқа да қызметтік және техникалық үй-жайларда пайда болуға;

13.9. Қауіпті жағдайда адамдарды қалыпты өту және эвакуациялау үшін кедергілер жасауға;

13.10. Жабдықтарды, техникалық құралдар мен тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін, ғимаратты ресімдеу элементтерін, өзге де құрал-саймандарды, жасыл желектерді зақымдауға;

13.11. Жануарлармен бұқаралық іс-шараға келуге;

13.12. Әкімшіліктің жазбаша рұқсатынсыз сауданы жүзеге асыруға, жазбалар жазуға және хабарландыруларды, плакаттарды және ақпараттық мазмұндағы басқа да өнімдерді желімдеуге;

13.13. Ұйымдастыру комитетінің рұқсатынсыз бейне және фототүсірілім жүргізу.

14. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ:

14.1. Чемпионатты өткізудің барлық кезеңінде стандартты санитарлық-гигиеналық ережелер сақталуы тиіс.

14.2. Іс-шараны ұйымдастырушылар алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша медициналық бекеттің болуын көздеуі тиіс.

14.3. Чемпионатты өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жарыстарды ұйымдастырушылардың тапсырмасы бойынша қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері жүзеге асырады.

14.4. Чемпионатты өткізу кезеңінде жеке мүліктің, зияткерлік меншіктің және жеке құжаттаманың, сондай-ақ чемпионатты өткізу аумағынан тыс жерлерде жеке қауіпсіздіктің сақталуына жауапкершілік қатысушылардың өздеріне жүктеледі.

14.5. Кәмелетке толмаған қатысушыларға топ жетекшілері мен бірге жүрген тұлғалар жауапты болып табылады. 18 жасқа дейінгі балалар әрдайым уәкілетті тұлғалармен қадағалауында болады.

14.6. Барлық қатысушылар қауіпсіздік қызметі мамандары талаптарын сақтаулары тиіс.